

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 3

2022



150
жы
Ахмет
БАЙТҰРСЫНОВ

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 3 2022

ӘОЖ 8.81

Ысқақова, Ш.Ғ.

*Тіл және әдебиет теориясы
Кафедрасының аға оқытушы,
гуманитарлық ғылымдар магистрі,*

Сабыржан, Н.С.

*Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 3 курс студенті,
А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ,
Ө.Сұлтанғазин атындағы
педагогикалық институты,
Қостанай, Қазақстан*

ТӨЛЕН ӘБДІК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АУЫСПАЛЫ НӨЛДІК МОРФЕМАНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Түйін

Нөлдік морфема – тіл білімінің енді дамып келе жатқан, кенже қалған саласы. Берілген мақала Төлен Әбдіктің шығармаларындағы ауыспалы нөлдік морфеманың қолданысын зерттеуге арналған.

***Кілт сөздер:** грамматика, нөлдік морфема, ауыспалы нөлдік форма, септік.*

1 Кіріспе

Тілдегі барлық құбылыстардың бірден ғылымда таныла бермейтіні белгілі. Тілдік құбылыстардың сыры бірте-бірте ашыла түседі. Осындай тілдік құбылыстың бірі – нөлдік морфема мәселесі.

Нөлдік морфема тілде ықшамдылық, жинақтылық, ұтымдылық үшін қолданылады. Қазақта «Аз сөз алтын, көп сөз көмір» деген мақала қысқа сөйлеп ойды толық, нақты, дәл жеткізуді халықтың жоғары бағалайтынын білдіреді. Керісінше, «Көк мылжың» сияқты тіркестер көп сөзділікті жаратпаудан, ұнатпаудан шыққан. Бұл сөзді бағалаған халқымыздың салтының сөзге, сөйлеу білуге қояр шартының бірі іспетті.

Грамматикалық форма ұғымын грамматикалық мағынамен тығыз байланысты, оны білдірудің бір жолы, амал-тәсілі деп қабылдасақ, тіл жүйесінде грамматикалық мағынаның ешбір грамматикалық формасыз берілетін жағдайлары да кездеседі. Нөлдік форма жалпы түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліне де тән сипатымен ерекшеленеді. Қазақ тілінде мұндай форма, негізінен, ілік, табыс септіктерінің жалғаусыз түрі мен бұйрық райдың екінші жақ жекеше түріне тән. Нөлдік форма сырттай түбір тұлғамен ұқсас болғанымен, сөз түбірінің барлығын грамматикалық нөлдік форма деп қарауға болмайды. Грамматикалық форма сөйлеу үдерісінде сөздерді өзара байланыстырып, әртүрлі грамматикалық мағына үстейді. Нөлдік форма мен грамматикалық форма грамматикалық мағынаны білдіру қызметімен ерекшеленеді. Нөлдік форманың өзіндік белгілерін анықтауда Ы. Маманов, С. Исаев, Н. Оралбай, Ж. Балтабаева т.б. ғалымдар оның түрлі ерекшеліктеріне көңіл бөледі. Мәселен, С. Исаев, Н. Оралбай «белгіленушісі, яғни мағынасы бар», «сөздердің түрлену жүйесінен, парадигмадан орын алады», «парадигмада оппозиция болады» десе, Ә. Төлеуов, Н. Сауранбаев, Ж. Балтабаевалар «қосымша сөзге бірде жалғанып, бірде жалғанбай қолданылады, бірақ жалғанбаса да мағына білдіреді» деген тұжырым жасайды [1, 16 б.].

2 Материалдар мен әдістер

Қазақ тілінде мағына тек белгілі бір дыбыстық құрамнан тұратын морфема арқылы белгіленеді деп ешкім айта алмайды. Себебі қазақ тілінде сөздің ешбір қосымшасыз семан-

тикалық тәсіл арқылы екпіннің де мағынаға қатысты жағдайлары кездеседі, қосымшалары толық емес, ал морфемалардың берілуі тілден кең орын алады.

Нөлдік морфема сөздің мағыналы кіші бөлшегі сөзде болмай, ол мағынаны түбір сөз ешбір морфемасыз білдіргенде қолданылады [2, 201 б.].

Нөлдік форма жайында тіл білімінде әр түрлі пікір бар. Кейбір ғалымдар арнайы формасыз-ақ грамматикалық мағына бар жердің бәрін нөлдік форма деп қарайды. Мысалы, О.Н. Суник түрік тіліндегі *иш* сөзі *иш* деген түбір зат есім мен бұл жерде жекелікті білдіретін нөлдік форма тудырушы қосымшадан тұрады. Сөйтіп, атауыш сөздердің негізгі түбірі күйіндегі тұлғалардың бәрі нөлдік грамматикалық форма дейді.

Қазақ тіліндегі нөлдік формаға мынадай мысал келтіруге болады:

Жартасқа бардым, күнде айғай салдым,

Одан да шықты жаңғырық (Абай). – деген сөйлемде *бардым, айғай салдым, шықты* етістіктері мынадай грамматикалық мағыналарды білдіреді.

1) қимыл, салттылық мән: *бар, айғай сал, шық* түбірлері арқылы

2) жедел өткен шақ – *ды, ді* тұлғалары арқылы (*бар-ды, айғай салды, шықты*), алғашқы екі етістікке жекеше, I жақ, - *м* тұлғасы арқылы (*барды-м, айғай салды-м*) және үшінші етістікте 3-жақ мағынасы бар. Бірақ оны көрсететін арнайы форма берілмеген: *шықты – О*. Міне, бұл – нөлдік форма [3, 175 б.].

Тәуелдік категориясының ішкі мағыналық ерекшеліктерін білдіретін жалғаулары бола тұра, олардың кейбір ішкі мағыналары қолданыста жалғаусыз берілетін кездері кездеседі. Тәуелдік мағынаның қолданыста көрсетілген жалғауларсыз да берілуі бар екенін ғалымдар ертеден-ақ байқаған. Тек ғылымның даму дәрежесіне байланысты оны нөлдік морфема деп атамаған. Мысалы:

Кейімеші жар ізгі,

Кейімеші, тәңірім.

Осы өлеңдегі **жар** деген сөз 1-жақ жекеше тәуелділіктің нөлдік формасында қолданылған. Егер ақын **жарым ізгі** деп бұл сөзді тәуелділіктің жалғауымен қолданса, өлең буын саны келіспес еді, сондықтан ақын **жар** сөзін нөлдік формада қолданған [4, 140 б.].

Сандылық категориясының көптік мағынасын білдіретін жалғауы бары белгілі. Жалғауы бола тұра, көптік мағына қолданыста көптік жалғаусыз нөлдік морфема (жалғау) арқылы да беріледі. Мысалы, *Өткен жылдың егіні жақсы болғандықтан, Қызылжар да, жолшыбайғы ауыл, селолар да мейлінше күйлі, көңілді екен* (С. Мұқанов).

Тілімізде бір тұлғалы бірыңғай мүшелердің соңғысының қосымшасын сақтап, алғашқыларын нөлдік формада қолдану қалыптасқан заңдылық деуге болады. Сондықтан ауылдар болып көптік тұлғасында, формасында айтылуға тиісті сөз сөйлемде нөлдік формада қолданылған [4, 142 б.].

Ілік септіктің нөлдік тұлғасы түрлі-түрлі байланыс, қатынастық мағынаны білдіруіне байланысты тілде өте жиі қолданылады, яғни байланыс, қатыс мағыналарының түрлілігі нөлдік тұлғаның жиі қолданылуын туғызған [4, 157 б.].

Табыс септіктің нөлдік формасының мәтінде қайталануды болдырмау үшін, стильдік қолайсыздықты тудырмау үшін, ақындардың өлең сөзінде ұйқас үшін, өлең жолының буын санына сәйкестік іздеумен байланысты, мақал-мәтелдерде ойды қысқаша жеткізу мақсатында қолданылатыны айқындалды.

Қайталау стильдегі үлкен кемшілік саналатыны белгілі. Қайталау бірыңғай мүшенің бір ерекшелігі. Бірыңғай мүшелер бір тұлғада бірінен соң бірі тізіліп қолданылатын сөздер екені белгілі, олардың саны үштен, төрттен аса береді. Мысалы, *Балаларға футболды, жүгіруді, күресуді, баскетболды, волейболды үйретуді жоспарлаймыз* (Т. Молдабекұлы). Осы сияқты бір сөйлемде табыс септік тұлғасының бірнеше сөзде қайталануы әсемділік, стильдік қолайлылық туғызып тұрған жоқ. Табыс септіктің нөлдік тұлғасы мен қосымшалы тұлғасының аралас қолданылуы тілдегі грамматикалық тұлғалардың қайталанбауына қолайлы

жағдай жасайды, мағынаның анықтығына, ойдың түсініктілігіне әсер етеді, тілдің мүмкіндігін, орамдылығын арттырады [4, 174 б.].

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Жазушы Т. Әбдіктің «Әке» және «Оң қол» әңгімелерінде кездесетін **ауыспалы нөлдік морфема:**

Ілік септігінің ауыспалы нөлдік морфемасы:

1. ...**есік** **Ө** алдына шыға берген бойда шақырайған күннен қорғанып, көздерін жан-жағына алып-қашып әлек болды [5, 6 б.].

2. Үш ай қыста, бір жарым ай көктем төсек тартып жатқан жанға дәл қазір шақырайған **күн** **Ө** сәулесінен өткір, қатерлі ештеңе жоқ еді [5, 6 б.].

3. ... ұзақ уақыт **төсек** **Ө** зардабын тартып, аурудан есеңгіреп, өңі жуған шүберектей құп-ку болған жан ғана, бәлкім, түсінсе түсінер... [5, 6 б.].

4. Кенет жақын тұстан мөңіреген **сиыр** **Ө** дауысын есітіп, бірақ өзін көре алмай, жан-жағына алақтап отырғанда... [5, 8 б.].

5. – Қайным-ау **ел** **Ө** қатарына қосылып, жол жүргенің құтты болсын [5, 8 б.].

6. әйелі **Ұлту** **Ө** телевизердің әңгімесі деп Американың қайсыбір жерлерін **дауыл** **Ө** соққанын, **қыс** **Ө** ортасында болған жылы ауа райынан қалың **қар** **Ө** ерте еріп, Еуропаның қалаларын **су** **Ө** басып қалғанын айтатын [5, 10 б.].

7. Апам **үй** **Ө** шаруасымен жүр [5, 22 б.].

8. **Ерегіс** **Ө** басы – боқ жеме [5, 28 б.].

9. **Тіршілік** **Ө** иісі сезілмейді [5, 29 б.].

10. Мұқаштың әйелі көзіне көрінген **мүлік** **Ө** пен малдың бәрін қарғап-сілеумен кешке әрең басылды [5, 40 б.].

Барыс септігінің ауыспалы нөлдік морфемасы:

1. Жолдағы бұталған **отын** **Ө** мен жаңғырыққа, шылапшынға сүріне, сипалап жүріп есікке келдім [5, 1 б.].

Табыс септігінің ауыспалы нөлдік морфемасы:

1. ...жүгіріп келген қоңқақ **мұрын** **Ө** қара баланы да біреуге ұқсатқандай болып еді [5, 6 б.].

2. Сол кезде «**сорпа** **Ө** әкел» деген айғай шықты [10].

3. Кешке **қой** **Ө** сойып, Айсаларды шақырды. [11].

4. Үш солдат келіп, **бие** **Ө** саудырып тұрған жерінде Нұржанды атып кетіпті [12].

5. Әбсаттарды да, **Нұржан** **Ө**, Дүйсендерді де көрдік [5, 16 б.].

6. Біз секілді қара халыққа **жер** **Ө** қаздың не, **шөп** **Ө** шаптың не – бәрібір [5, 19 б.].

7. Тырекең қып-қызыл болып қайта-қайта **нан** **Ө** шайнай береді [5, 28 б.].

8. **Қой** **Ө** сойып, **қонақ** **Ө** күтіп отырсың [5, 32 б.].

9. Келесі күні Өмірзақтың машинасымен **ауыл** **Ө** аралауға шықтым [5, 52 б.].

10. Басына жібек **шәлі** **Ө** бүркенген Кәмшат түрегеп тұр [5, 53 б.].

Тәуелдік жалғаудың көпше түрі:

1. ...тағатсыз күтіп тұрғандай еркелеп, өзімсінгенін, **беті** **Ө** мен мойнын сүйіп, қолдарына дейін аймалап жатқанын айтсайшы [5, 11 б.].

2. Біздің **үй** **Ө** фермада болатын [5, 38 б.].

3. Біздің **үйдің** **Ө** дәл қасында Мұқаш шалдікі бар [5, 40 б.].

4. Сол күннен бастап ауыл адамдары біздің **үйге** **Ө** бір аяушылықпен қарайтын болды [5, 44 б.].

5. Біздің **кластағы** **Ө** жалғыз екпінді мен болатынмын [5, 48 б.].

6. Бірақ біздің **тұқымға** **Ө** тіл мен көз үйір еді [5, 48 б.].

7. Шүкір **заман** **Ө** тыныш, **ел** **Ө** аман... [5, 37 б.].

Жатыс септігінің ауыспалы нөлдік морфема:

1. Үш ай **қыста** **Ө**, бір жарым ай **көктем** **Ө** төсек тартып жатқан жанға дәл қазір шақырайған күн сәулесінен өткір, қатерлі ештеңе жоқ еді.

Көптік жалғау арқылы жасалған ауыспалы нөлдік морфема:

1. Біреулер **атӨ**, біреулер **өгізӨ**, тіпті ештеңесі жоқтар сиырларын жегіп жүрді [5, 19 б.].

5 Қорытынды

Қорыта келгенде, нөлдік морфема тілде ойды қажетті түрде жеткізудің ерекше тәсілі. Ақындар мен жазушылар шығармасының тілге жатық келіп, жеңіл оқылуы үшін көбіне осы тәсілге жүгінетіні белгілі. Ғылыми мақала Төлен Әбдіктің шығармаларындағы ауыспалы нөлдік морфеманы табуға арналған. Жалпы алғанда, Төлен Әбдік өзінің әңгімелері мен повестерінде ауыспалы нөлдік морфеманы стильдік жағынан да ойды жеткізе білу жағынан да сәтті қолдана алған.

Әдебиеттер тізімі

1. 1 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. «Мектеп» баспасы – 1973ж. – 180 б.
2. 2 Қалыбаева А. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1986. – 192 б.
3. 3 Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: 2007. – 336 б.
4. 4 Омарова А. Қазіргі қазақ тіліндегі нөлдік морфема. А., 2004, 46-123 б.
5. 5 Әбдікұлы Т. Оң қол. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 352 б.

Материал редакцияға түсті: 08.06.2022 ж

ИСКАКОВА, Ш.Г., САБЫРЖАН, Н.С.

**В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ТОЛЕН АБДИК ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПЕРЕХОДНОЙ НУЛЕВОЙ
МОРФЕМЫ**

Нулевая морфема – это уже развивающаяся, более поздняя область языкознания. Представленная статья посвящена исследованию употребления чередующейся нулевой морфемы в произведениях А.А. Толстого.

Ключевые слова: *грамматика, нулевая морфема, переменная нулевая форма, падеж.*

ISKAKOVA SH.G., SABYRZHAN, N.S.

IN THE WORKS OF TOLEN ABDIK USING A TRANSITIONAL NULL MORPHEME

The zero morpheme is an already developing, later field of linguistics. The presented article is devoted to the study of the use of alternating zero morpheme in the works of A. A. Tolstoy.

Key words: *grammar, zero morpheme, variable zero form, case.*